

Мектеп командасы және мұғалімдерімен кездесу
"Жол картасы" жобасы аясында 5 "А" сыныбында Білім сапасын арттыру мақсатында
өткізілген жоба жұмысы аясындағы іс-шаралар 2022 жыл 6.10 - 30.12.

*Сабақ тақырыбы: "Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу "

* Мақсаты: жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді үйрену.

* Пән мұғалімі: Турешева Лунара Кабдунгалиевна

* Оқушылар түрлі әдіс - тәсілдермен берілген топтық, жеке тапсырмаларды орындай отырып, математика пәніне және тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытты.

* Үй тапсырмасы "Аяз атаның аяқ киімі" деген әдіспен тексерілді.

* Топтық жұмыс "Лампа" әдісімен берілді.

* Оқушыларға жеке жұмыс "Фотодағы есеп" әдісімен берілді.

Әр оқушы өзінің фотосының артында жазылған есепті шығарып, тақтада ілініп тұрған шыршаға бірінші болып баруға ұмтылды.

* Кері байланыс оқушылардан "Табыс ағашы" әдісі арқылы алынды.

* Сабақ соңында "Өзіңді бағала" әдісімен әр оқушы өзін - өзі бағалады. Сабақ сәтті өтті.



География пәнінің мұғалімі А.Адилова 8- сынып оқушыларымен

«Мен және менің сыныбым» тақырыбында оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру мақсатында квест ойын-сабақ өткізді.

* Мақсаты: Бірлескен топтар құру арқылы ұйымшылдыққа, өзара бірлікке оқыту, көшбасшылық қасиеттерді, өзара қолдау мен ынтымақтастықты дамыту, позитивті өзара қарым-қатынасты қалыптастыру, креативті ойлауға баулу.

* Шара барысында музыка, қазақ әдебиеті, математика, дене шынықтыру пәндерімен пәнаралық байланыстар жүзеге асты.

* Квест ойынының ұйымдастыру бөлімінде оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында музыка пәнінің мұғалімі Жұлдызай Саламатовна «Мен қазақпын!» тренингін, пән мұғалімі А.Адилова оқушылардың көңіл – күйін көтеру, бір – бірімен қарым – қатынасын нығайту мақсатында «Досым, қалың қалай?» жаттығуын ұйымдастырды.

* Сынып оқушылары топқа бөлініп, «Қазақтың 100 әні жобасы», «Ізденіс жобасы» «Біз бір ұжым жобасы», аялдамалары арқылы танымдық тапсырмалар орындады.

* Ойын барысында оқушылардың есту арқылы, көру арқылы есте сақтау, ойлау жылдамдығын дамыту, зейіндерін анықтауға бағытталған тапсырмалар мен жаттығулар жүргізілді.

* Кері байланыс «Шахмат» әдісі арқылы алынды.

* Ойын - сабақ оқушыларға ұнады, сабақ сәтті өтті.



"Жол картасы" жобасы аясындағы жұмыстар жалғасуда "5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде оқу мен оқытуды жетілдіру" тақырыбындағы жоба жұмысы

Тақырыбы: A day at school

Сыныбы: 5 "Б"

Пәні: ағылшын тілі

Мақсаты: Understand specific information and ask information

Use subject-specific vocabulary. Understand the main content of text

Use verbs talking about school subject

Пән мұғалімі: Ерниязова У.



"Жол картасы" жобасы аясында "5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде оқу мен оқытуды жетілдіру" тақырыбындағы жоба жұмысы

Сыныбы: 5 «А»

Тақырыбы: "Өзіңнің ең үздік нұсқаң бол!"

Түрі: интеллектуалды қазақша QUIZ сайысы

Ұйымдастырған: М.Токтамисов-ағылшын тілі пәні мұғалімі



«Алтын сақа» олимпиадасы-2022 жыл

***Мақсаты:** Республиканың түпкір - түпкіріндегі математика пәні бойынша қабілетті балаларды анықтау; оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру, ғылымға, жаратылыстануға баулу;

Математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру.

*Олимпиада "Зерделі" ақыл - ой дамыту мектебі белгіленген уақыт бойынша, өңірлік "Дарын" орталығының тапсырмалары негізінде

*I мектепшілік кезеңіне 6 оқушы қатынасып, II аудандық кезеңіне 3 оқушы қатынасып 5-сынып оқушысы Керей Шамшырақ жүлделі II орын, 6-сынып оқушылары Мухит Алуа III орын, Орынбасар Нұрсезім, Кален Нұртілек "Алғыс хат" иеленді.

